



МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Меже – миллион тонна астық

Алтын күз келіп, күзгі жиындар басталды. Жаз бойы төккен тердің нәтижесін көретін сәт. Біздің аймақта да дикандар егін өнім жинау науқанына кіріскен. Осы орайда Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақтың егістіктерінде қызу жүріп жатқан дәнді дақылдар мен картопты жинау барысымен танысып, шаруа қожалықтары басшыларымен һәм еңбеккерлермен тілдесті.



Атап айтсақ, олар Бұқар жырау, Осакаров және Нұра аудандарындағы ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарында болып, жиын-терімнің жағдайы һәм алдағы жоспарлары туралы әңгіме өрбтті.

Биыл аймақ дикандары 1 млн тонна астық алуды жоспарлап отыр. Бұл – былтырғы жылмен салыстырғанда көбірек.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусиннің айтуынша, бүгінде дәнді дақылдардың 80%-ы жиналған. Орташа өнімділік гектарына – 12 центнер. Бастырылған бидайдың көлемі – 870 мың тоннадан астам. Қазір 11,5 мың гектардан 10 мың тоннадан астам картоп жиналыпты.

Көкөністердің кейбір түрлерін есептемегенде, егін жинау науқаны санаулы күнде аяқталады.

Бір айта кетерлігі, аймақтың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілері арзандатылған жанар-жағармаймен қамтамасыз етілген.

Кептіру қондырғылары үшін қолжетімді бағамен газ да бөлінген. Техника мен жұмысшылар да жеткілікті көрінеді.

Айдарбек Сапаров пен Ермағанбет Бөлекпаев Бұқар жырау ауданындағы «Нұр-СХ» компаниялар тобының алаңына да табан тіреді. Мұнда бидай, рапс, зығыр, сұлы, арпа, картоп және көшет өсіріледі.

– Жыл сайын шамамен 60-70 тонна тұқымдық картоп Голландия мен Германиядан әкелінеді. Биыл Eurasia Crop Care компаниясымен бірлесіп, пилоттық жобаны іске қосу туралы шешім қабылданды. Біз Norika неміс өндірушісінің гага сұрыпты картоп тұқымын өсіреміз. Алғашқы ре-

продукция, элитаны осында таратқымыз келеді. Алдағы уақытта қарағандылық және қазақстандық өндірушілерді сапалы тұқымдық картоппен қамтамасыз етуді де жоспарлап отырмыз, – деді «Нұр-СХ» құрылтайшысы Ерман Назаров.

– Биыл шаруашылықтағы өнім жылдағыдан 30% жоғары. Бірақ, жаңбырдың әсерінен бидай ылғалды, бүкіл егінді кептіргіштен өткізу керек, – деп атап өтті Ерман Назаров.

Сонымен қатар, министр Осакаров ауданында «Найдоровское» ЖШС алаңында да аралап көрді.

Аталған серіктестік 2000 жылдан бастап, шаруашылық өсімдік шаруашылығымен айналысады екен.

Бүгінгі таңда егістіктер бойынша 6800 гектар немесе 64,7%, майлы дақылдар бойынша 950 гектар немесе 62% алқапта дәнді дақылдар жиналған.

Ауыл шаруашылығы министрі Нұра

ауданында егін жинау науқаны жүріп жатқан алқаптарды аралап көрумен қатар, басқа да нысандардың жұмысымен жақынырақ танысты. Мұндағы Көбетеі ауылында сүт-тауар фермасы салынып жатыр. Одан бөлек, биыл голыштейн сиырларын жеткізуді бастайды.

Бұл жоба 1100 бас сүтті мал ұстауды көздеп отыр. Оның ішінде, 880 сиыр күн сайын сауылады. Бұл – орта есеппен тәулігіне 27 тонна сүт өндіруге мүмкіндік береді. Толық қуатқа шыққан кезде жыл сайын 9 мың тоннадан астам сүт беру жоспарлануда. Сондай-ақ, 68 жаңа жұмыс орны құрылады.

Айдарбек Сапаров биыл фермерлер үшін жайлы, жемісті жыл болғанын назардан тыс қалдырмады.

– Республика бойынша гектарына 14,7 центнерден өнім жиналады. Өткен жылмен салыстырғанда бұл – 5 центнерге артық. Себебі, барлық технология сақталып,

сапалы тұқымдар сатып алынды. Тыңайтқыштар уақытылы және қажет мөлшерде қолданылып, техника да жаңартылды. Қазір мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Бағдарламаларда да бірқатар өзгеріс бар. Мысалы, «Кендала-2» бағдарламасы жемісті жұмыс істеп тұр. Оған 400 млрд теңге бөлінген. Фермерлер 5% субсидия ала алады. Оған тыңайтқыш, тұқым және басқа да қажеттілік үшін алынатын мақсатты несие жатады, – деді ол.

Бұдан бөлек, министр қарағандылық фермерлерден ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылымына көбірек көңіл бөледі, қызметкерлердің өнімді жұмыс істеуі үшін жақсы жағдаймен қамтамасыз етуді сұрады. Ауылдағы адамдардың өмірін жайлы етіп, әл-ауқатын арттыру қажеттігін айрықша атап айтты.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

РЕСМИ

Әскери медицина академиясы құрылады

Елімізде Әскери медицина академиясы құрылады деп хабарлады Қорғаныс министрінің баспасөз қызметі. Жаңа білім беру мекемесі Алматы қаласындағы Қорғаныс министрінің Әскери медицина орталығы базасында құрылмақ.

Министрліктің хабарлауынша, қазіргі уақытта жоғары медициналық білім беру және әскери интернаттура бағдарламалары бойынша әскери дәрігерлерді Ақтөбе қаласындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты базасында Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетімен бірлесіп дайындайды.

Ал, жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру бағдарламасы бойынша әскери-медициналық кадрларды дайындау «Астана» медициналық университетінде академиялық ұтқырлық шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университетінің әскери медицина кафедрасының базасында жүзеге асырылады.

Енді халықаралық ынтымақтастық желісі бойынша Ресейде, Өзбекстанда, Арменияда, Қытайда және Түркияда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланатыны хабарланды.

Жобаны іске асыру кезінде бұрыннан жұмыс істеп тұрған мекемелер қайта ұйымдастырылып, қажетті инфрақұрылым, академияның оқу-материалдық базасы жасқаталады. Сондай-ақ, білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және лицензия алуды талап етеді.

Өз тілшімізден

ЕРТЕҢ – ЕҢБЕК КҮНІ

Еңбек адамымен суретке неге түспейсіз?

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір селфидің шарықтау шыңы. Селфи жоқ адам таппайсыз бұ күні. Әсіресе, әнші-биші, ақын-жазушы, атақты адамдармен селфидің дәурені күшті. Ал, сіздің қажетіңізді ашып, жұмысыңызды істеп берген қарапайым еңбек адамымен суретке түсіп көрдіңіз бе? Жоқ. Сонда, оның еңбегін бағалап, «мынадай білікті маман екен» деп суретке түсіріп, жұртқа жария ету – қор ма? Қоғам тек атақтылар мен даңқтылардан ғана тұрмайды. Жылы жерде отырсақ, оның арғы жағында сіз бен бізге көріне бермейтін, соның отын жағып, күлін шығарып жатқан, құбырын жалғап, жамап жүрген жылу электр орталығының жұмысшылары тұр. «Ас атасы – нан» жесек, оның тұқиянында далада ала жаздай бел жазбай, тер төккен дикан, берісі диірменші, одан кейінде наубайхананың еңбегі ол да. Қала көшелерінде бәткеніз балшыққа батпаса, онда жүздерін жел қаққан, тас төбесін күн сүйген тазалықшылардың таңның атысы, күннің батысы еткен еңбегінің арқасы. Бұлай тізімдесек, толассыз жалғаса береді. Бірақ, қоғамға пайдасы көп, әйткенмен, алған алғысы аз осы бір қоғам мүшелерін Қоғам естен шығарып алған еді. Еңбек адамының қадірін біледі десек, өтірік айтқан боп шығамыз. Содан да, кейінгі жылдары мемлекеттік дәрежеде мән берілген мәселеге. Себебі, қарапайым жұмысшының еңбегін мына қоғам күнсіз көреді. Бұл қателікті түзеу керек. Не үшін? «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақтан» арылу үшін. Сол үшін елде «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидаты қабылданды. Қағидат бар, дегенмен, бұқара бұны әлі ұғынар емес. Мүмкін Уақыт керек. Ал, уақыт өтіп жатыр...



► 5-бет

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Трамвай жолға шығады

Теміртауда 1 қазан – қала күніне орай трамвай ресми түрде жолуашы тасымалдауға кіріседі деп күтілуде. Бүгінде қалаға трамвайдың бір соңы жеткізілген. Ал, тұрғындар трамвай паркінің жанаруына қуанышты. Теміртауға арналған трамвайлар жай ғана экологиялық таза көлік емес, ең алдымен, қаланың бүгін тарихы және басты ерекшелігі болмақ.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаланың трамвай жүйесі 1959 жылы ашылып, 2023 жылдың ақпанында жұмысын тоқтатқан болатын.

Бұған дейін Теміртауда трамвай толығымен жойылады деген қауесет тараған. Бірақ Qazmet бұл қауесетті жоққа шығарып, оны толығымен қалпына келтіруді жоспарлап отырғанын айтқан болатын. Қаржыландыруды кәсіпорынның жаңа инвесторы өз мойнына алды.

Биылғы сәуірде жұмысшылар ескі рельс төсемдерін демонтаждап, жаңасын төсеуге кірісті. Көптен күткен вагондар да қалаға жеткізілді.

Qazmet баспасөз қызметі әзірге бір ғана состав бар деп хабарлады. Бірақ, көп ұзамай олардың саны көбеймек.



• ТАҒАЙЫНДАУ

Бұқар жырауда жаңа әкім

Бұқар жырау ауданының әкімі лауазымына Президент Әкімшілігінің және аудандық мәслихат депутаттарының келісімімен Ерлан Құсайын тағайындалды. Бұған дейін Ерлан Бейсембайұлы облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

Облыс орталығымен іргелес жатқан ауданның жаңа әкімін аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев таныстырып, бірқатар міндет жүктеді.

– Сіздің басты міндетіңіз – аудан тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау. Егін жинау науқанының уақытылы аяқталуын және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет. Әлеуетті инвесторлармен, мемлекеттік қолдау құралдары бойынша бизнеспен белсенді жұмыс жасап, жастар кәсіпкерлігі мен стартаптарды дамытуға назар аударыңыз. Аграрлық бизнес өкілдерінің шағымдары мен сұрақтарына мұқият қарап, аудандағы жұмысты ашықтық пен жариялылық қағидаттары негізінде ұйымдастыру қажет. Баршаңызға бірлескен жұмыста табыс тілеймін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Ерлан Бейсембайұлының үш жоғары білімі бар. Атап айтсақ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы», Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін «Экономика саласындағы құқықтық реттеу» мамандығы бойынша және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистратурасын бітірген.

Еңбек жолын 1999 жылы бастаған. 2007 жылдан бастап, мемлекеттік қызметте. Қарағанды облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің қаржы, ұйымдастыру және кадр



жұмысы бөлімінің бас маманы болып еңбек етті.

2008-2014 жылдар аралығында облыс әкімінің баспасөз қызметінде түрлі қызметтер атқарды.

Кейін Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары болды. Қарағанды облысы әкімі аппаратының Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығын басқарды. Қарағанды облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ директоры, ішкі саясат басқармасының басшысы, Қарқаралы ауданының әкімі лауазымында қызмет етті.

2023 жылдың қараша айынан осы тағайындауға дейін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Бұқара өтініші ескерілді

Облыс аумағында уақыт талабына сай қоғамдық көлікті жаңарту жалғасуда. Бүгін №100 бағытына (Қарағанды – Теміртау) «ПАЗ Вектор» маркалы төрт жаңа автобус шықты.

Жәлел ШАЛҚАР «Ortalyq Qazaqstan»

№100 автобус Майкұдық пен Пришахтинскіні Теміртаумен байланыстырады. Бұған дейін тасымалдаушыларға қатысты туындаған проблемаларға байланысты маршрут бірнеше рет жұмысын тоқтатқан еді. Осыдан кейін қарағандылықтар бір автобустан екіншісіне ауысып жүруге, жолға көп уақыт жұмсауға мәжбүр болған. Тұрғындар облыс әкімімен кездесуде бірнеше рет осы мәселені көтерді.

– Тұрғындардың көптеген өтінішіне байланысты өткен жылдың тамыз айында №100 (Қарағанды (14 ш/а) – Теміртау) маршрутының жұмысы қалпына келтірілді. Автобустардың

жалпы саны – 8 бірлік. Биыл 23 қыркүйекте №100 маршрут бойынша «Қала көл» ЖШС кәсіпорны желіге «ПАЗ Вектор» маркалы төрт жаңа автобус шығарды. Осылайша, маршрутқа тартылған автобустардың 50%-ы жаңартылды, – деп хабарлайды облыстық автомобиль көлігі және автомобиль жолдары басқармасы.

Жаңа автобустар өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы лизингке алынған. Қоғамдық көлік 76 жоллаушыға арналған.

Бұл жаңа көлік пандуспен және арбаларды бекітуге арналған арнайы орындармен жабдықталғанын атап өткен жөн.



Сурет облыстық әкімдігінің сайтынан

Тұрғындарды жеке қабылдады

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыс тұрғындарын жеке қабылдады. Мемлекеттік және сервистік қызметтер орталығында өткен кездесуде тұрғындар су құбырын тарту, жолдарды жөндеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының басқа да мәселелерін ортаға салды.

Жәлел ШАЛҚАР «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі кездесу барысында онлайн және офлайн форматта сұрақтарға жауап беріп, шағымдар мен өтініштерге баса назар аударды.

Сұрыптау елдімекендегі Жұмысшы кентінің тұрғыны Гүлзира Сағындық кездесуде бірқатар мәселені атап айтты. Белсенді азаматша кентте орталық су құбырын, жаңа трансформатор пунктін салуды және жергілікті мектепте шағын орталық ашуды сұрап отыр.

– Бізде 4 мыңға жуық адам тұрады. Кентімізді сапалы сумен



жабдықтау ауадай қажет. Сонымен қатар, жарықтандыруды да реттеуді сұраймыз. Өйткені, кешке бізде электр кернеуі төмендейді де, жарық өте әлсіз болады. Одан бөлек, асфальт төселуі қажет. Бірақ, алдымен кәріз желілерін жүргізу керек. Облыс әкімі проблемаларды біртіндеп шешуге уәде берді. Келесі жылы су құбыры, содан кейін

кәріз және жолдарды асфальттау басталады деп үміттенеміз. Ал, жаңа кешенді трансформаторлық станцияны 2026 жылға қарай орнатуға уәде берді, – деді Гүлзира Сағындық.

Одан бөлек, кездесуде әлеуметтік қамсыздандыру, бизнеске жәрдемдесу де назардан тыс қалмады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Аймақ басшысы кездесу барысында аталған мәселелерге жауапты басқарма басшыларына тиісті тапсырма берді. Қосымша қарастыруды қажет ететін мәселелер бақылауға алынғанын жеткізді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Жақсы жол елге жора»

Тоғыз жолдың торабында тұрған аймақ үшін инфрақұрылым басты назарда. Өңірде республикалық, облыстық маңызы зор жолдар торабы бар. Мәселен, биыл «Астана – Қабанбай батыр – Нұра – Теміртау» республикалық маңызы бар автожол учаскесіне орташа жөндеу жүргізілді. Нұра кентінен Ақмола облысының шекарасына дейін 7 шақырым жол жөндеу көрді. Жол құрылысын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бақылап қайтты.



Ресми деректер ұзындығы 200 шақырымнан асатын «Астана – Қабанбай батыр – Нұра – Теміртау» жолы 1958 жылы салынып, пайдалануға берілгенін айтады. Ал, бұған дейін Ынтымақ ауылынан Нұра кентіне дейін 80 шақырымға және Көбетей ауылынан Ақмола облысының шекарасына дейін 30 шақырымға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген екен.

– Биыл ұзындығы 104 шақырымдық үш учаскеге мердігерлік ұйым анықталды, бұл «Көбетей – Нұра» учаскесіндегі 31 шақырым және Ынтымақ ауылынан «Алматы – Екатеринбург – Теміртау» автожолына дейінгі 73 шақырым. Қазір Нұрадан Ақмола облысына қарай 7 шақырым жерде жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ, «Көбетей – Нұра» учаскесінде жеті су өткізу құбырын және «Ынтымақ – Теміртау» учаскесінде алты су өт-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

кізу құбырын қайта салу жоспарлануда. Үш учаскені жөндеуді 2025 жылы аяқтау жоспарлануда, – деді «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Жұмағұлов.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев мердігерлер мен құзырлы орындарға жөндеуді кешіктірмеуді қатаң тапсырды. Биыл барынша жұмысты еңсеріп, келесі жылы күн жылынысымен жөндеу жұмысының бастау алуы тиістігін еске салды. Сонымен қатар, сапаны қадағалауды да міндеттеді.

Өз тілшімізден Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Саңлақтар салтанат төрінде

Астана төрінде дүбірлеп өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Қарағанды облысынан Аңсаған Қожанәсіп пен Ажар Салықова өнер көрсетіп, бес медаль жеңіп алған еді. Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей аталған спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын байрақты бәсекеде көрсеткен ғажап нәтижесімен құттықтап, қаржылай сыйлықтың сертификатын табыс етті.



Жәлел ШАЛҚАР «Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер өлкесінде ұлттық спорт түрлері қарқынды даму үстінде. Бүгінгі күні аймақтың 36 мыңға жуық тұрғыны ұлттық бағыттағы 11 спорт түрімен айналысады. Атап айтсақ, олар тоғызқұмалақ, саятшылық, бөйге, жекпе-жек, қазақ күресі, асық ату, тенге алу, аударыспақ, көкпар, жамбы ату, дәстүрлі садақ атуды мықтап меңгеруде.

Облыс әкімінің орынбасары саңлақ спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына алғыс біл-

діріп, қарағандылықтардың Қазақстан құрамасының жеңісіне зор үлес қосқанын атап өтті.

– Сіздер медаль жеңіп алып, Қазақстанның намысын абыроймен қорғап, еліміз бен аймағымыздың тұрғындарын қуанттыңыздар. Бәріміз сіздерді мақтан тұтамыз. Көшпенділердің дүниежүзілік ойындары ұлттық спорт түрлерін дамыту үшін ғана маңызды емес. Бұл жарыстар мәдениет пен дәстүрлерді де насихаттайтынын атап өту керек. Сіздерге жаңа биіктерді бағындыруда сарқылмас күш-қуат тілеймін, – деді Әлібек Әлденей.

Нақтырақ айтсақ, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Аңсаған Қожанәсіп Бүкіләлемдік көшпенділер ойындарында төрт медаль иеленді. Тоғызқұмалақта күміс пен алтын жеңіп алып, екі рет овариде жүлдегер атанды. Оның айтуынша, әлемнің 89 елінің ең мықты спортшылары арасында үздік атану оңай болмапты.

– Ойындарға мұқият дайындалдым. Жарыстарда жеңіске жету үшін көп күш жұмсауға тура келді. Тоғызқұмалақта ең мықты қарсыластар Қырғызстан мен Монғолиядан келгендер болды.

Овари африкалық ойын болғандықтан, Антигуа мен Барбуда, Гана спортшылары мықты ойнады. Овариді алғаш рет 2017 жылы Прагада ойнадым. Өте қызықты, сондықтан, мүмкіндік болған кезде мен де қатысамын. Ал, тоғызқұмалақ – бұл менің 9 жасымнан бергі ден қойғаным. Көз алдымда үлгі көрсеткен ағам болды. Ол – тоғызқұмалақта халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Үнемі көмектеседі және қолдайды. Қараша айында Әлем чемпионаты өтеді. Барлық күш-жігерімді осы жарысқа дайындауға жұмсаймын, – дейді Аңсаған Қожанәсіп.


Ал, қарағандылық Ажар Салықова Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бірінші жарыс күнінде Кураш күресінде күміс медаль жеңіп алды. Ол – халықаралық дәрежедегі спорт шебері және джиу-джитсудан ұлттық құрамаға кіреді.

– Кураш жарыстарына екі жылдан бері қатысып келемін. Өзімді жайлы сезіну үшін барлық ережені жаттап алдым. Кілемге шыққанда, күрес бірдей болып көрінеді. Алайда, айырмашылықтар бар. Кураш бойынша алтыға сал ғана ұпай жетпей қалды. Жоспарда Азия ойындарына қатысу тұр. Былтыр үшінші орын болған бәсекеде отандасыма ұтылдым. Енді джиу-джитсудан алтын алғым келеді, – дейді спортшы.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Ұлттық құрама 112 медаль жеңіп алып, жалпы командалық есепте бірінші орынға ие болды. Оның 43-і – алтын, 32-сі – күміс және 37-сі – қола.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Бейбіт атом: технология мүмкіндігін пайдалану қажет



АЭС салуға қатысты түрлі пікірлер айтылуда. Бірі – еліміздегі энергетика саласын дамыту үшін өте қажет десе, бірі – атомнан төнетін қауіп зор екенін алға тартуда. Әлбетте, дәл осындай тағдыршешті таңдау алдында тұрғанда, түрлі пікірдің болатыны ақиқат. Дегенмен, сол пікірлер нақты бір негізге сүйеніп, ғылымға иек артып, артықшылығы мен кемшілігі әбден сараланып барып айтылса, дұрысы сол болмақ. Өкініштісі, ештеменің байыбына бармай, әлеуметтік желі арқылы елге үрей тудырып, жосықсыз пікір айтушылардың да қатары жоқ емес. Осындай жағдайда, кез келген дүниені маманнан сұрау, пікірін білу ең дұрыс шешім екені даусыз. Облыстық мәслихат депутаттары бұл мәселені де өз қолдарына алды. Атап айтқанда, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың басшылығымен халықтың мұң-мұқтажын естіп қана қоймай, оны шешуге тырысып жүрген халық қалаулылары ел арасына шығып, бейбіт атомның артықшылығы, оның еліміздегі экономикалық, технологиялық және әлеуметтік жағдайға оң серіні беретіні туралы нақты әрі шүбәсіз ақпаратпен бөлісті. Бұл жолы депутаттар Осакаров ауданының Молодежный кентінде болды. Мақсат – үгіт-насихат жүргізу емес, Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі бойынша 6 қазанда өтетін референдумда әркім өзінің азаматтық ұстанымын білдіріп, ел болашағы үшін неқұрайлылық танытпауға шақыру.



Салтанат ГЛИШИ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мақсат шығынды ақтайды
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттық корпусының өкілдері Нұркен Кобжанов, Қадияша Оспанова және Ерден

туға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, атом электр станциясындағы бір жұмыс орны инфрақұрылымда ондаған жұмыс орнын құрады. Бұл атом электр станциясының айналасында әлеуметтік маңызы бар объектілер салуды, сондай-ақ, жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін толықтыруды білдіреді, – деді Нұркен Кобжанов.



Халилин, сондай-ақ, өмірін энергетика саласына арнаған Қарағанды индустриалды университетінің ректоры, профессор Бақыт Жәуітқов Молодежный кентінде Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың Қарағанды облыстық филиалының қызметкерлерімен кездесті. Сондай-ақ, елінің болашағына бейжай қарамаған жергілікті жастардың да пікірін тыңдады. Ал, «Есіктен – есікке» акциясы аясында халық қалаулылары кенттің үлкендерімен кездесіп, елімізде атом электр станциясын салу мүмкіндігіне қатысты қоғамдық пікірмен танысты.

Канал қызметкерлерімен кездесу барысында сөз алған Нұркен Сайфиддинұлы АЭС салудың экономикалық тиімділігіне тоқталды.

– Соңғы жылдары электр энергиясын тұтынудың өсуі байқалуда, бұл қолданыстағы энергетикалық қуаттарға қысым жасайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ол 5 миллион киловатт-сағаттан астам уақытты құрады. Бұл жағдай бүкіл ел бойынша, әсіресе, Қазақстанның оңтүстігінде орын алууда. Өткен жылы оның тапшылығы 3 млрд киловатт-сағаттан астам болды. Қазір электр энергиясын Ресейден сатып алып отырмыз. Ал, жоспардан тыс сатып алғанда, оның құны 2 есе артады. Шынында, елімізде электр энергиясы жеткіліксіз және көрші елге тәуелдіміз. Бүгінгі кездесу барысында өздеріңізге алда болатын референдум туралы айтып, АЭС құрылысын салуда сіздердің шешімдеріңіз маңызды екенін айтқым келеді, – деді облыстық мәслихат төрағасы.

Нұркен Кобжанов еліміздегі электр желілерінің дені 1970 жылдары салынғанына да тоқталды. Айтуынша, олардың тозу деңгейі – 66%. Одан бөлек, дәл осы желілердің тозуы да тасымалдау кезінде 11%-ға дейін электр энергиясын жоғалтуға әкеледі. Одан бөлек, төраға атом электр станциясының құрылысы жоғары шығындарды қажет ететінін де жоққа шығармайды. Бірақ, мақсат – шығынды ақтайтынын ескерсек, 60 жылға дейін үздіксіз қызмет ететін атом электр станциясының құрылысы электр энергиясының тұрақты көлемімен қамтамасыз етіп қана қоймай, отандық өнеркәсіпті – құрылыс, машина жасау саласын, түсті металлургияны дамытуды қамтамасыз ете аламыз.

– АЭС-ті пайдалану мамандардың жоғары біліктілігін талап етеді. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға және атом энергетикасы саласында білім беруді дамы-

туға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, атом электр станциясындағы бір жұмыс орны инфрақұрылымда ондаған жұмыс орнын құрады. Бұл атом электр станциясының айналасында әлеуметтік маңызы бар объектілер салуды, сондай-ақ, жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін толықтыруды білдіреді, – деді Нұркен Кобжанов.

– Биылғы жылғы 19 қыркүйекте Ресейдің Тюмень қаласында өткен TNF-2024 өнеркәсіптік-энергетикалық форумға сарапшы ретінде шақырылды. Осы форумда Ресей Федерациясының Энергетика министрі Сергей Цивилев сөз сөйледі. Ол Ресейдің өндіріс қуаттарының резервтері таусылғанын, сөйкесінше, жаңа энергия көздерін, оның ішінде, атомдық энергия көздерін пайдалануға беру керек екенін айтты. Сондықтан, таяу болашақта олардың да энергияларын Қазақстанмен бөлісу мүмкіндігі болмауы мүмкін, – деді Бақыт Ахатұлы.

«Қадр бізде жеткілікті!»

Сарапшылар болашақта АЭС-ті пайдалану үшін кадрлық әлеует жеткілікті екенін атап отыр. Мысалы, Қазақстанның атом саласында 20 мыңнан астам адам, оның ішінде, негізгі өндірістік персоналдың 15 мың адамы жұмыспен қамтылған. Сондай-ақ, көптеген мамандар Ұлттық ядролық орталық пен Ядролық физика институтында жұмыс істейді дейді интернет деректері.

Бақыт Жәуітқов те сеніммен «Қадр



«Соңғы жылдары электр энергиясын тұтынудың өсуі байқалуда, бұл қолданыстағы энергетикалық қуаттарға қысым жасайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ол 5 миллион киловатт-сағаттан астам уақытты құрады. Бұл жағдай бүкіл ел бойынша, әсіресе, Қазақстанның оңтүстігінде орын алууда. Өткен жылы оның тапшылығы 3 млрд киловатт-сағаттан астам болды. Қазір электр энергиясын Ресейден сатып алып отырмыз. Ал, жоспардан тыс сатып алғанда, оның құны 2 есе артады.»

«Өзіңнен шықпай, өзегің майланбайды»

Су шаруашылығы саласы қызметкерлерінің пікірін Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың Қарағанды облыстық филиалының басшысы Дулат Әкеев білдірді.

– Өріптестер, өңір халқын ауыз сумен қамтамасыз ететін кәсіпорын қызметі қаншалықты энергияны қажет ететінін өздеріңіз көріп отырсыздар. Оның баланында 70-тен астам қуатты сорғы қондырғылары, басқа да көптеген жабдықтар бар. Электр энергиясын тұтынудың жалпы көлемі 350-400 МВт құрайды. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, көмір тұтынатын бір ғана жылу электр станциясы да осынша электр энергиясын өндіреді. Сондықтан энергия тапшылығының жылдан-жылға ұлғайып келе жатқан проблемасын қазір шешу қажет, – деді ол.

Осы пікірді қолдаған Бақыт Жәуітқов те көршіге сеніп жүргенде, энергиясыз қалу қаупі бар екенін айтты. Өмірінің біраз бөлігін энергетика саласына арнаған профессор сөзіне дәлел де келтірді.

«Радияцияны медицинада обыр ауруын емдеу үшін пайдаланады. Одан бөлек, түрлі диагностикадан өткен кезде де радиацияның аздаған мөлшері болады. Ал, атом энергиясына келер болсақ, бұл жерде, небары 0,1 пайыз сәуленің таралуы болады. Қазіргі қолданыстағы жылу электр станцияларымен салыстырар болсақ, олардан бөлінетін сәуле мөлшері 5-6 есе көп болуы да мүмкін. Атом электр станциясынан қорқудың қажеті жоқ. Ал, көрші елдерге тәуелді болып, «энергия берші» деп, қол созып жүру, ешқандай жақсылыққа апармайды.»

бізде жеткілікті!» дейді. Айтуынша, «Ядролық физика», «Ядролық энергетикаға арналған материалдар», «Ядролық физика және атом энергетикасы» мамандықтары бойынша биылғы оқу жылында білім алушылар контингенті шамамен 250 адамды құраған. Одан бөлек, 2011 жылдан 2023 жылға дейін жоғарыда аталған мамандықтар бойынша 2000 студент білім алған. Одан бөлек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында 2022 жылдан бастап, Ресейдің «Мәскеу инженерлік-физикалық институты» ғылыми-зерттеу университетінің филиалы табысты жұмыс істеуді жалғастыруда. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы мен ядролық физика институтының ғылыми бөлімшелерінің базасында ЖОО студенттерін ғылыми-зерттеу жобаларына тарту үшін барлық жағдайлар жасалған. Сондай-ақ, оқу-ақпараттық орталығы бар, оның базасында радиациялық қауіпсіздік саласындағы мамандарды оқыту жүргізіледі.

Болашақ – жастардыкі!

Молодежный кенті жастарының АЭС құрылысына пікірлерін тыңдаған депутаттар болашақ – жастардыкі екенін айтты.

– Ешқай елде атом электр станциясын салуға қатысты референдум өткен емес. Алысқа бармай-ақ, айтар болсақ, Өзбекстан Республикасында қажеттілік үшін мемлекет шешім қабылдады. Ал, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай маңызды істе халық өзі шешуі керек деді. Бұл – елімізде демократияның бар екенінің көрінісі. Сондықтан оған сай болуымыз керек. Болашақ – сендердің, жастардың қолында. Қазір талай спортшыларымыз ел абыройын асқартып, мұхит асып, жеңіспен оралауда. Озық елдердің айтулы білім орындарында білім алып жатқан жастар қаншама. Ал, технология бір орында тұрмайды. Елімізде энергия тапшылығы бар екенін жоққа шығара алмаймыз. 6 қазанда өтетін референдумда өз ұстанымдарыңызды білдіреді деген сенімдемін, – деді Ерлан Халилин.

Ал, депутат Қадияша Оспанова болса, жастарға XXI ғасырда электр энер-

электр станцияларымен салыстырар болсақ, олардан бөлінетін сәуле мөлшері 5-6 есе көп болуы да мүмкін. Атом электр станциясынан қорқудың қажеті жоқ. Ал, көрші елдерге тәуелді болып, «энергия берші» деп, қол созып жүру, ешқандай жақсылыққа апармайды, – деді Қадияша Базарбайқызы.

Әркімнің дауысы маңызды!

Молодежный кентінің ақсақалдарымен кездесуде профессор Бақыт Жәуітқов Абай облысындағы – Курчатова және Алматы облысындағы Алатау кентінде ондаған жылдар бойы пайдаланылып келе жатқан бірегей зерттеу реакторларының жұмысымен жеке танысқанын айтты. Дәл осы жерде жүздеген қазақстандық мамандар жұмыс істейді. Ал, тұрғындары радиацияның кері әсерін сезінбеген.

Ғалымның келтірген дәлелдерін дұрыс қабылдаған білім беру ісінің еңбек сіңірген қызметкері Мейрам Кәрібаев пен «Эльбрус» шаруа қожалығының басшысы Магомет Жазаев референдумға келіп, өз таңдауын жасайтындарын, азаматтық борыштарын өтейтіндеріне уәде берді.

– Бірнеше жыл бұрын Өзбекстанда атом электр станциясын салу туралы шешім қабылданды, оны пайдалануға беру шамамен 2029 жылға жоспарланған. Халықтың пікірі, тіпті, сұралмады да. Елімізде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында әркімнің дауысы маңызды, – деді Нұркен Кобжанов.

Айта кету керек, еліміздегі жылу электр орталықтарының және гидроэлектр станцияларының пайдалану мерзімі 30 жылдан асқан. Соңғы жылдардағы Теміртау, Балқаш, Екібастұз, Рудный, Риддер қалаларындағы апаттар қауіпсіздік қоры таусыла бастағанын көрсетеді.

Қазіргі уақытта энергетикалық кешеннің негізгі активтерін 100% қайта құру, жаңғырту және күрделі жөндеу жүргізу мүмкіндігі жоқ. Мұның бәрі еліміздегі энергия қауіпсіздігі мен экономиканың тұрақтылығына теріс әсері бар.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО





«Атом өнеркәсібі саласында тәжірибесі бай елміз»

АЭС құрылысының қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы аз айтылып, кем жазылып жатқан жоқ. Сонда да наразы топтың «Қазақстан – бұл салада тәжірибесі ел», «Маман тапшы», «Атом тарихындағы алапат апаттар қайталанса ше?», «Радиоактивті қалдықтар зардабын шегетін боламыз» деген мазмұндағы уәжі толестар емес. Халық көкейіндегі осы сұрақтарға нақты жауап алу үшін атом саласының тәжірибелі сарапшысы Зурият Сәндібіқызы Сауатоваман сұхбаттасқан едік...

– Ядролық технология маманы ретінде, Қазақстандағы ядролық физика ғылымының деңгейіне баға беріп кетсеңіз...

– Қазақстанның кеңестік дәуірден бастау алатын ядролық ғылым мен технологиялар саласында бай тәжірибесі бар. Елде ядролық физика, реакторлық технологиялар және радиациялық қауіпсіздік саласындағы зерттеулермен айналысатын Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы (ҚР ҰЯО) және Ядролық физика институты сияқты ғылыми-зерттеу мекемелері мен ұйымдары жұмыс істейді.

Ғылыми зерттеулерге арналған тех-

оны ядролық энергетикада қолдануда жұмыс істейтін мамандар халықаралық бағдарламалар мен жобаларға белсенді қатысады.

Сондай-ақ, қазақстандық мамандар МАГАТЭ-де жұмыс істейді, халықаралық ұйымдарда тағылымдамадан өтеді. Бұл қазақстандық мамандарға тәжірибе алмасуға және атом саласында қауіпсіздік пен реттеудің халықаралық стандарттарын әзірлеуге қатысуға мүмкіндік береді. Қазақстанның Ұлттық ядролық орталығы және Ядролық физика институты сияқты ұлттық институттар жетекші мамандарды тарта отырып, жаңа технологияларды зерттеу мен әзір-



Коллаж жасаған А.Рысқалиев



Коллаж жасаған А.Рысқалиев

Ғылыми зерттеулерге арналған техникалық база, жаңартылған зерттеу реакторлары мен алдыңғы қатарлы университеттерде ядролық технологиялар саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау үшін тамаша жағдайлар жасалған. Мұның барлығы Қазақстанға уран өндіру саласындағы көшбасшылық позициясын сақтап қана қоймай, өз энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін атом энергетикасын дамытуға зор мүмкіндік береді және біздің елді жаһандық ядролық ғылым мен технологияда маңызды «ойыншы» ретінде танытады.

никалық база, жаңартылған зерттеу реакторлары мен алдыңғы қатарлы университеттерде ядролық технологиялар саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау үшін тамаша жағдайлар жасалған. Мұның барлығы Қазақстанға уран өндіру саласындағы көшбасшылық позициясын сақтап қана қоймай, өз энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін атом энергетикасын дамытуға зор мүмкіндік береді және біздің елді жаһандық ядролық ғылым мен технологияда маңызды «ойыншы» ретінде танытады.

Сондай-ақ, Қазақстан Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікпен (МАГАТЭ), әлемдік жетекші ғылыми мекемелермен бірге ынтымақтастықты дамыта отырып, халықаралық ғылыми жобаларға белсенді қатысады.

Осылайша, Қазақстан ядролық-физика ғылымын одан әрі дамыту үшін күшті ғылыми база мен әлеуетке ие. Бұл мүмкіндіктер елдің экономикалық және технологиялық тәуелсіздігін нығайтудың негізгі факторы болуы мүмкін.

– АЭС құрылысы туралы ашық талқылау басталғалы жаппай халық атом саласының маманына айналып кеткен секілді. Бізде осы саланың халықаралық деңгейде қызмет атқарып жүрген мамандары бар ма?

– Шынында да, АЭС салу – бұл атом энергетикасы саласындағы терең білім мен тәжірибені қажет ететін күрделі және сан қырлы мәселе. Жаппай талқылаулар кейде барлығы осы саланың маманы болды деген елес тудырса да, іс жүзінде АЭС-ті жобалау, салу және пайдалану – бұл тек жоғары білікті мамандар шеше алатын міндеттер.

Өрине, атом саласында халықаралық деңгейдегі қазақстандық мамандар бар. Қазақстандық ядролық ғылым мен атом өнеркәсібі көптеген жылдар бойы белсенді дамып келеді және әлемдік ұйымдармен және компаниялармен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Мысалы, Қазақстан – әлемдік уран нарығындағы басты «ойыншы», әрі осы стратегиялық маңызды материалдың ірі өндірушісі болып табылады. Уран өндіруде, қайта өңдеуде және

леудің жоғары деңгейін қолдайды.

Сонымен қатар, МАГАТЭ жетекшілігімен орналастырылған Халықаралық төмен байытылған уран банкі елдің ядролық қауіпсіздік саласындағы халықаралық бастамаларға қалай қатыса алатындығының мысалы болып табылады.

Көптеген қазақстандық ғалымдар мен инженерлер шетелде білім алады, халықаралық конференциялар мен жобаларға қатысады, бұл олардың біліктілігін әлемдік деңгейге көтеруге ықпал етеді. Бұл мамандар ядролық технологияларды қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін сараптамалық білім мен тәжірибе ұсына отырып, Қазақстанда да, одан тыс жерлерде де жұмыс істеуге дайын.

Осылайша, Қазақстанда халықаралық деңгейде жұмыс істейтін мамандар жеткілікті, олардың біліктілігі мен тәжірибесі атом энергетикасы саласындағы жобаларды, соның ішінде АЭС құрылысын табысты іске асырудың маңызды факто-

Атом саласында халықаралық деңгейдегі қазақстандық мамандар бар. Қазақстандық ядролық ғылым мен атом өнеркәсібі көптеген жылдар бойы белсенді дамып келеді және әлемдік ұйымдармен және компаниялармен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Мысалы, Қазақстан – әлемдік уран нарығындағы басты «ойыншы», әрі осы стратегиялық маңызды материалдың ірі өндірушісі болып табылады. Уран өндіруде, қайта өңдеуде және оны ядролық энергетикада қолдануда жұмыс істейтін мамандар халықаралық бағдарламалар мен жобаларға белсенді қатысады.

ры болып табылады.

– Адамзат атомды игеру тарихында бірнеше ірі апаттардың орын алғаны белгілі. Қазақстандықтардың алаңдап отырғаны да – осы мәселе. Ал, қазір сол апаттардың дені адам факторы салдарынан орын алған деген пікір айтылуда. Яғни, мамандардың салғырттығы... Осы пікірмен Сіз келісесіз бе?

– Өрине, атом энергетикасы саласында, әсіресе Чернобыль мен Фукусима сияқты ірі апаттардың тарихын ескере отырып, халық арасында үлкен наразылық пен алаңдаушылық тудырып отырғаны-

на мән беріміз керек. Бұл апаттардың әрқайсысының өзіндік ерекше себептері болғанын түсіну маңызды. Ал, адам факторы айрықша рөл атқарғанымен, барлық себептерді тек мамандардың неміқұрайлылығына дейін төмендетуге болмайды.

Атом станцияларындағы үлкен апаттар, әдетте, көптеген факторлардың жиынтығынан туындайды. Мәселен, техникалық ақаулар, дизайндағы кемшіліктер, басқару қателіктері және кейбір жағдайларда тәуекелдерді бағаламау. Мысалы, Чернобыль апатын алайық, бұл реактордың жобалық кемшіліктерімен, операторлардың қате әрекеттері салдарынан және сол кезде жеткілікті қауіпсіздік мәдениетінің болмауымен байланысты болды. Фукусима апаты болған жағдайда, табиғи апат – жер сілкінісі мен цунами шешуші рөл атқарды, оған станция толық дайын болмады.

Адам факторына келетін болсақ, иә, ол кез келген басқа технологиялық сала сияқты апаттарда рөл атқара алады. Көп жағдайда қателіктер неміқұрайлылықтан емес, жүйелік мәселелерден, дайындықтың жеткіліксіздігінен немесе тиісті бақылау мен қауіпсіздіктің болмауынан болады. Қазіргі атом энергетикасы кадрларды даярлауға және дайындауға, қауіпсіздік хаттамаларын үнемі жетілдіруге және қателіктердің алдын алу және тәуекелдерді азайту үшін ең озық технологияларды қолдануға үлкен мән береді.

Өткен апаттардан кейін халықаралық қауымдастық пен ұлттық реттеушілер

уап беру жүйелерін қамтиды, бұл адами фактор тарапынан болатын қателік қауіпін айтарлықтай төмендетеді.

Осылайша, апаттарда адам факторы рөл атқаруы мүмкін болса да, оны азайту үшін қазіргі атом энергетикасында барлық күш-жігер жұмсалатынын түсіну маңызды. Заманауи технологиялар, қауіпсіздіктің қатаң стандарттары және мамандарды даярлау АЭС-ты пайдалануға байланысты кез келген қауіпсіздік тәуекелдерін болдырмауға бағытталған.

– Семей полигоны мен Чернобыль апатынан шошынып қалған халық атомның адам денсаулығына зияны туралы наразы пікірлерін қарша боратуда. Әсіресе, радиоактивті қалдықтар туралы ерекше алаңдайды. Сала маманының салмақты уәжін тыңдасақ...

– Семей полигоны мен Чернобыль апатына байланысты қайғылы оқиғаларды ескере отырып, халықтың алаңдаушылығын түсінемін. Тарихи тәжірибе атом энергетикасын қабылдауда із қалдырды. Алайда, әскери мақсаттарға байланысты ядролық сынақтар мен атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануды, соның ішінде АЭС-та электр энергиясын өндіруді ажырату маңызды.

Біріншіден, қазіргі атом электр станциялары бірнеше онжылдықтар бұрын салынған станциялардан түбегейлі ерекшеленеді. Технология бір қадам алға жылжыды және бүгінгі таңда АЭС апаттар мен радиацияның ағып кету қауіпін азайтатын ең озық қауіпсіздік жүйелерін қолдана отырып салынууда. Чернобыль сияқты қайғылы оқиғалардан кейін халықаралық қауымдастық пен реттеушілер атом станцияларының қауіпсіздігін едәуір арттыратын қатаң талаптар мен стандарттарды енгізді. Қазіргі заманғы атом электр станциялары жүйенің құрамдас бөліктерінің бірі істен шыққан жағдайда да, қауіпсіздіктің басқа қабаттары апатты салдардың алдын алуын қамтамасыз ететін бірнеше қорғаныс деңгейлерімен жобаланған.

Радиоактивті қалдықтарға келетін болсақ, бұл – өте маңызды және өзекті мәселе. Дегенмен, бүгінде радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз басқарудың тиімді технологиялары бар екенін атап өткен жөн. Әлемде арнайы жабдықталған қоймаларда терең көму сияқты қалдықтарды ұзақ уақыт сақтау және кәдеге жарату әдістері жасалуда және қолданылуда. Бұл қоймалар мыңдаған жылдар бойы қоршаған ортаға радиоактивті заттардың түсуін болдырмау үшін жасалған. Бұдан басқа, дамыған ядролық бағдарламалары бар елдер, соның ішінде Қазақстан да тәжірибе алмасу және қалдықтарды кәдеге жарату әдістерін жақсарту үшін халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Атом энергетикасын қолдаудың маңызды дәлелі – оның парниктік газдар шығарындылары бойынша экологиялық қауіпсіздігі. Көмір электр станцияларынан айырмашылығы, атом электр станциялары атмосфераға көмірқышқыл газын іс жүзінде шығармайды. Бұл атом энергетикасын климаттың өзгеруімен күресу контекстінде өте тартымды етеді. Климаттың өзгеруі жаһандық қауіп екенін ескере отырып, атом энергиясы бұл мәселені шешудің маңызды бөлігі болуы мүмкін.

Сондай-ақ, Қазақстан әлемдегі уранның ірі өндірушісі бола отырып, қауіпсіз атом энергетикасын дамыту үшін бірегей мүмкіндіктерге ие екенін атап өткен жөн. Өзінің инфрақұрылымы мен технологияларды дамыта отырып, Қазақстан өзінің энергетикалық қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қана қоймай, экономиканың жоғары технологиялық секторын дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашып, мамандардың біліктілігін арттыра алады.

Осылайша, қазіргі заманғы АЭС қауіпсіздіктің қатаң халықаралық стандарттарына сәйкес келетін қауіпсіз және жоғары тиімді қондырғылар болып табылады. Бүгінгі таңда радиоактивті қалдықтарды басқару озық технологияларды қолдану арқылы бақыланады. Сонымен қатар, адам денсаулығы мен қоршаған ортаға ықпалды қауіптерді азайтады. Қазіргі атом энергетикасы – бұл жаһандық энергетикалық және экологиялық мәселелерді шешуге көмектесетін таза және сенімді энергия көзі. Яғни, АЭС құрылысынан мұнша қауіптеніп, сонша алаңдауға еш негіз жоқ.

Уақыт тауып, сауалдарымызға нақты жауап бергеніңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Ерсін МУСАБЕК
«Ortalyq Qazaqstan»



Елдіктің темірқазығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2 қыркүйекте Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауына қатысты Балқаш қаласының еңбек ұжымдары өз пікірлерін білдірді.

Нұрсұлтан КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ағыбай батыр атындағы Оқушылар сарайының ұжымы Жолдауда жүзге жуық түрлі бастамалар, ұсыныстар және тапсырмалар барын, мысалы, салық жүйесін мұқият ойластыра отырып қайта жүктеу, шағын және орта бизнесті қолдауға арналған шаралар топтамасын оңтайландыру, ауыл шаруашылығы өнеркәсібі үшін қолжетімді несие беру, әділ әрі тиімді тариф саясатын жүргізу, көлік инфрақұрылымын жаңғырту, білікті мамандар даярлау, жасанды интеллектті дамыту және жаппай цифрландыру, азаматтардың қауіпсіздігін жан-жақты қамтамасыз ету сияқты басымдықтарды айрықша атап өтіп отыр.

«Балалар өнер мектебі» ҚМҚК-ның педагогикалық ұжымы да Президент бастамаларын қолдайтындықтарын жазуда.

«Мемлекет басшысы өз үндеуінде қоғамның барлық топтары, соның ішінде білім беру саласы үшін зор маңызы бар елді дамытудың басымдықтарын атап өтті. Біз білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған бастамаларды толығымен қолдаймыз. Мектеп және жоғары білім беру сапасын жақсарту, сондай-ақ, техникалық және кәсіптік оқытуға қолжетімділікті кеңейту жылдам өзгеретін әлем жағдайында тиімді жұмыс істей алатын мамандардың жаңа буынын даярлауға мүмкіндік беретін негізгі факторлар болып табылады», – деп жазады Өнер мектебінің мұғалімдер ұжымы.

БАЛҚАШ

• ЭНЕРГЕТИКА

Жылу қашан беріледі?

Қарағандыда жылыту маусымының басталуы туралы жарияланды. 1 қазанға дейін барлық үй жылуға қосылуы тиіс. Бұл туралы қала әкімі Мейрам Қожуровы Instagram парақшасында хабарлады.



Магистральдық желілерде айналым (циркуляция) басталды, бірақ, әзірге суық сұман ғана айналым жүреді. Бүгіннен, яғни, 27 қыркүйекте ЖЭО-3-тен жылу беру температурасы біртіндеп күшейеді.

«Айналым арқылы суық су 1150 көппәтерлі тұрғын үйге жетіп тұр, бірақ, ол әлі үйлерге жіберілмейді. Жылу ақысы бірінші күннен бастап, үйге жылу берілгеннен кейін ғана есептеледі» – деп түсіндірді қала әкімі.

Ол, ең алдымен, Майқұдық, Сұрыптау, Принахтинск, содан кейін Оңтүстік-Шығыс және қала үйлеріне жылу баратынын еске салды.

Осы демалыс күндері мектептерді, балабақшаларды, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік нысандарды жылуға қосуы тиіс.

Өз тілшімізден

Еңбек адамымен суретке неге түспейсіз?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан да, Президент Жолдауында биыл тағы еңбек адамының мәртебесіне баса мән берді. Тіпті, сол жұмысшы мамандардың біліктілігін арттырып, кадрлық әлеуетін жоғарылату үшін 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жария еткені белгілі.

Әрине, әлем айдан үлес алып, адамның көшірмесін жасап жатқан технология қарыштаған кезеңде жұмысшылардың жоғын жоқтау тосындау көрінетін шығар. Бірақ, мұның астарында еңбекті бағалау, құрметтеу, ұрпаққа еңбектің қадір-қасиетін ұғындыру жатыр. Сол арқылы масылдықтан, арамтамақтықтан ада ету. Еңбектің бәрін жетінінің жетесіне жеткізу. Дамыған елдің қатарында осы адал еңбек арқылы ғана сап түзейтіндігімізді түпсанасына сіңіру.

«Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынатын отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік менгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі.

Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қа-

раған адам қашан да лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да – осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл – өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек», – деді Президент Жолдауында. Енді бұдан былай тауір қызметтегілер емес, қарапайым еңбек торылары төрге шығуы тиіс. Бұған дейін өңірлері орден-медалға толған қызметкерлер енді кезекті еңбеккерлерге береді. Әуелден солай болуы керек еді. Десек те, игіліктің ерте-кеші жоқ. Еңбек ескерусіз қалмауы керек. Сөйтіп, еңбек арқылы ғана мақсат-мұратына жете аларын жеткінішек санасына құйып алса...

Осы арада жеткіншек дегеннен еске түседі. Бұрындары кеңес кезінде мектепте оқушыны еңбекке баулу үшін «Қоғамдық пайдалы еңбек» деген сабақ болатын. Орысша қысқарған атауы – «ОПТ» – «общественный полезный труд». Сол кезде білекті сыбанып, мектептің ішін жуып, тазалататын еді. Еденінен басқа құрал-жабдығын бүтін бір сынып оқушылары жуып-шайып шығатын. Бір, әлде екі қырық бес минутта. Одан қалды әр сыныптың өз кабинеті болса, соның еденін кезекпен жуу – күнделікті міндет еді. Сол уақытта «баланың қолы былғанып қалды, я еңбегін пайдаланды» деп байбалам салған ата-ана көрмеппіз. Қайта еден жумай, қашып кетсеңіз, мұғаліммен қоса ұрысар еді әке-шешеніз. Қазір, керісінше. Баланы жұмсаса, шамданаңыз...

Несін жасырайық, еңбекпен тапқан нананың тәттілігін ұмытып кеттік. Есесіне оңай олжа, жеңіл ақшаға үйір болдық. Ал, кеңес үкіметін қанша жек көрсек те, оның еңбек адамына деген көзқарасы тұзу еді. Сол тұзу көзқарас ел боламыз десек, қазаққа да тап қазір ауадай қажет-ақ. Сондықтан да, еңбек культке айналуы керек. Ол үшін еңбек адамын дәріптеп, онымен де суретке түсіп қойып жүріңізші...

• КӘСІБІ – НӘСІБІ

Еңбектерімен еңселі

Мал-жанның амандығын ойлаған ауылдағы ақжүрек ағайын. Қырдағы қып-қызыл еңбек. «Отқанжар» шаруа қожалығындағы қысқа қамданыс жылдағыдан да жауапты. Астық алқабына түскен орақ. Қысқа шөп жинаған бөлімше еңбеккерлері. Жайылымына жылқы, қой өргізген шопан мен жылқышы күздің кара суығында да аттың үстінде. Мал өсіріп отырған бәрінің маңдай тері адал. Соның ішінде аға шопан Жақия Шопабаяв пен майталман механизатор Тұтқабай Смағұлов шаруашылықта аса қадірлі, еңбектерімен еңселі.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отар қойдың орасан пайдасы

Жауапты шопан Жақия Шопабаяв жиырма жыл болды, қырда қой бағып жүр. Жауапты дейтіміз, көктемде тауір шыққан бірінші тұқымды, яғни, бір отар жас тоқтыны қабылдап алады. Оны келер жылы қоздайтын қылып береді. Жиырма жыл бойғы кәсібі – осы. Ал, бұған дейін Жақия Олжабайұлы шаруашылықта механизатор болып еңбек еткен. Жазда трактормен шөп шауып, қыста қойдың қиын, ауланың қарын тазалаған. Кейін пайданы, құт пен ырысты осы қойдан еселеймін деп шопандыққа ауысқан. Бағымы – тұсақ қой. Тоқтының санын кемітпей, салмағын өсіріп, қысқа аман-есен жеткізу – шопанның мойнында.

Шаруа басшылығы шопанға әбден сенім артқан. Өйткені, қойдың жай-күйін жақсы меңгеріп алған ол мұны бала кезінен біледі. Атасы Ашықбай өз заманының үздік шопанышы атанған. Ол кісі қой баққан қырды ел-жұрт «Ашықбай қыстағы» деп атап кеткен. Атақасиеті әкесі Олжабай әрі қарай жалғанған. Сөйтіп, бала кезінен әкесі мен атасының атына мінгесіп, қой баққан бала бүгінгі күні еңбегімен сыйлы.

– Жақия ағамыз ертеден осы малдың соңында. Малдың бар бабын жетік біледі. Кеңес кезінде де шопан болған. Бұл кісіге өткізген тоқтыларымыз қара күзде томпаңдап шыға келеді. Басқа шопандарға да ақыл-кеңес айтып, білгенімен бөлісіп отырады. Біз әбден сеніп алғанбыз. Сол себепті, жақсы сұрыпталған тоқтыларды осы шопанға тапсырамыз. Өйткені, ертең өнім беретін қойдың қоны жақсы болуы керек, – дейді «Отқанжар» шаруа қожалығының басшысы Аслан Қанатұлы.

Шопанның өрісі – «Кеңжарық» бөлімшесінде. Бір отарында 810 тоқты бар. Шаруашылық басшысы қысқы бағынға екі көмекші береді.

– «Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның – көл-көсір» деп тегін айтылған болар бабаларымыз. Ғұмырымыз осы аттың үстінде өтті. Көз ашқалы бері қой өсіріп, өрісімізді толтырып келеміз. Әлі де аптпен бағамын. Қазір көбіне мотоциклмен бағады ғой. Қойды олай бағу қате. Қой асықпай, баппен жайылса ғана еті майлы, семіз болады. Осы шаруашылықта еңбек етіп келе жатқанымызға көп уақыт болды. Еңбектің арқасында жаман болған жоқпыз, тәубе. Балаларды қанаттандырдық, – дейді шопан.

Иә, атақты шопанның қой бағатын қос аты бар. «Қысық қасқа» мен «Ақжалды» кезегімен



мінеді. Ал, әлді «Күрентатымен» қыста шана тартады.

Қара күздің суығы болса да, қойын күн шықпай өріске жаяды. Қазір егін орылған жерге бағып жүр. Бидайдың масағы да таптырмас азық екен. «Майлы азықтың нәрі мол», дейді шопан. Онымен қоса, қойын «Құланөтпес» өзеніне күнде тоғтады. Таза әрі семіз болатын бір себебі сол.

Жары Жұмақұл ханым – үйінде. Үнемі аттың үстінде жүретін жолдасының күрең шайын демдеп, ыстық асын әзірлеп отырады. Ас үйдің ғана айналасында емес, қойдың аранына да шығып, қолғабыс қылады. Қой құрттасады, оны санасып, қамасады. Өсілінде, ең үлкен көмекшісі.

Еңбек сүйген шаңырақтың төрт баласы бар. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған екеуі қара-шаңырағы, кенжелерінің тойның қамына кіріскен. «Балаларымыздың тойын жасадық, баспанасын әпердік. Осының бәрі мал-жанның арқасында. Еңбектің бізге берген сыйы», – деп тәубе қылады қадірлі шопан.

Көктеткен көк трактор

Шабындықтағы шаруаның да қайнаған уағы. Мұндайда майталман механизаторлардың еңбегі аса маңызды. «МТЗ 80-2» маркалы көк трактор тізгіндеген Қабидолла Әлмұхаммедұлының техникаға ауысқанына жиырма жыл болды. Еңбек майданына ерте келген ол бұған дейін қойды да, жылқыны да баққан. Қазір шабындықтан тонна-тонна боп келген шөпті жып-жинақы етіп маялау – Қабидолла мырзаның міндеті.

– Жастайымнан еңбекке ерте араласып, техниканың қыр-сырына қанық болдым. Әуелі «Отқанжар» шаруа қожалығында қой бақтым, жылқы бақтым. Кейін трактор тізгіндедік. Далада жүріп шөп шаптық. Қазіргі жұмысым – шөп маялау. Жаз бойғы шапқан азықты аман-есен тасып, оны жи-

нап, маялап алған күні біз үшін үлкен той. Танмен таласып техниканы рөліне отырғалы кешке дейін тыным таппай шаруада боламыз. Қыстағы шаруамыз да – осы. Қойға шөп саламыз. Қалың қарды аршимыз. Қора тазалаймыз. Бір жұмыс бітсе, келесісі дайын тұрады. Шаруаның бәрі уақытылы жасалуы қажет. Осының бәрі техниканың күшімен тынатын шаруа, – дейді механизатор.

Биыл шөп түсімі мол. Жер берекесін берді. Әйтпесе, былтырғы құрғақшылық көп шаруаның қолын байлады. «Отқанжар» шаруашылығы жеті-сегіз жыл бұрынғы шөп қорын бұзып, қайта маялап, қыста соны азық қылып шықты. Ал, осы жолғы маусымда шөп мол. Сол себепті, мұндағы шаруа қауыр. 1-ші бөлімшеге 2100 тонна шөп түсіріледі. Бүгінгі өзінде 5 мая орама шөп әзір.

Шаруашылықтың басшысы Аслан Қанатұлы білікті механизатордың жауаптылығын былай бағалайды.

– Қабидолла ағамыз ұжымда аса қадірлі. Бұл кісі бесаспап шаруагер. Қойдың да күйін, жылқының да жайын біледі. Міне, енді еңбегін трактормен жалғады. Соның өзіне жиырма жыл болыпты. Зейнет демалысына да шамалы қалды. Шамамыз келгенше білікті механизаторды жібергіміз келмейді. Тракторының сайманы сыр берсе болды, өзі іске қосып алады. Май-суын ауыстыратын уақытына да ұқыпты, – дейді ұжым басшысы.

Еңбектің арқасында төрт баласын оқытып, бір-бір отау шығарды. Жары Зүрият екеуінің бес немересі бар.

Майталман механизатор көк тракторынан түсікі келмейді. Өйткені, «осымен көгеріп, көк-тедік» дейді.

Нұра ауданы

Суреттерді түсірген
Ерлан ОМАР

• КӘСІПТІК БІЛІМ

Маманды мақсатты даярлау міндет

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің болжамына, 2030 жылға дейін кадрға қажеттілік 1,8 млн адамнан асып жығылмақ. Оның ішінде, техникалық білімі бар азаматтарға сұраныс 1 млн-ға жуықтамақ. «Enebek.kz» электрондық еңбек биржасында жүргізілген мониторинг облыста бүгінгі таңда IT-технологиялар, өнеркәсіп, құрылыс және абаттандыру, ауыл шаруашылығы, энергетика өнеркәсібі саласының мамандарына сұраныс жоғары екенін көрсетіп отыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтағы ірі кәсіпорындардың бірақтарында колледж студенттерінің дуалды білім алып, жұмысқа орналасу мүмкіндігі жасалған. Мәселен, «Qaz Tehta» ЖШС, «Qatmeb» АҚ БД, «КЗМК – Имсталькон» ЖШС, «РММЗ» ЖШС, «Құрылысмет» ЖШС, «Галекс Плюс» ЖШС, «Қолғанат-Қарағанды» ЖШС, «Ютария» ЖШС, Крюкова ЖК – Доктор Крюковтың Травматология және ортопедия ветеринарлық клиникасы сияқты 29 кәсіпорында 759 студент оқып жатыр. Осы жылы тағы 300 студентті мақсатты оқытумен қамту жоспары бар. Бұл мамандарды мақсатты

даярлау үшін қолға алынған шаралардың бірі.

Білім басқармасының дерегіне, аймақта білім, медицина, өнер және мәдениет, тау-кен, металлургия, мұнай-газ, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, машина жасау, энергетика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен байланыс, экономика және қаржы, туризм, құқық, экология, құрылыс, жеңіл өнеркәсіп салалары бойынша 126 мамандық, 178 біліктілік бойынша оқыту жүргізіледі. Дегенмен де, ақпараттық жүйенің тарлауы өңір жастары педагогикалық, медициналық және IT саласындағы мамандықтарды көп тандайтынын көрсетіп отыр. Содан кейін де өз мамандығы бой-

ынша жұмыс істемейтін «мамандар» қатары толығырақ береді.

Облыста 54 колледжде (38 – мемлекеттік, 16 – жекеменшік) шамамен 32 766 студент білім алып жатыр қазір. Оның 24 346-сы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. Бұл ретте техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары түлектерін жұмысқа орналастыруға мүдделі. Себебі, бұл колледж қызметінің тиімділігін көрсеткіші саналады. Осы орайда дуалды оқыту жүйесі аталған көрсеткішті арттыруға көп сеп. Жүйе – колледж түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды құралдарының бірі. Дуалды оқыту 40 колледжде іске асырылып жатыр. 6 572 адам, оның ішінде, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде 5 634 студент осы жүйемен білім алуа.

– Биыл техникалық және кәсіптік білім беру колледждерін 9 570 түлек бітірді. Оларды жұмысқа орналастыру және қамту бойынша деректер 18%-ы оқуын жалғастыруды, 6%-ы әскери қызметті, 0,5%-ы елден тыс жерлерге шығуды және 1,7%-ы бала күтімі бойынша демалысқа шығуды жоспарлап отырғанын көрсетеді. Мамандық бойынша жұмысқа орналастырудың болжамды деректері – 51%-ды құрайды. Жұмысқа орналастыру бойынша деректер осы айда жанартылады, – дейді білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің бас маманы Айзат Крамулова.

Жыл сайын орта есеппен 10 мыңға жуық түлек оқуын тәмамдайды екен. Әрине, оның барлығы жұмыс тауып кетуі мүмкін емес. Дерек бойынша жұмыссыз қалатындардың үлесі 13% шама-сында. Олар электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыс іздейді. «Enebek.kz» электрондық еңбек биржасы порталында 3 104 ұйымнан 6 274 бос жұмыс орны тұр. Қалай десек те, еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықты таңдаған жан жұмыссыз қалмайды, дұрысы осы. Жастардың еңбекке араласып, лайықты өмір сүруі өздеріне де жақсы, елге де тиімді екені анық.

Қазақстанға қажет ТӨП-10 мамандық

2023-2030 жылдары қосымша қажет мамандар саны:

- Бухгалтерлер
- Күзетшілер, инкассаторлар және соған байланысты кәсіптер
- Әлеуметтік ғылымдар бойынша орта мектеп мұғалімдері
- Автокөлік жүргізушілері мен шопырлар, ауыр жүк көлігінің жүргізушілері
- Бастауыш сынып мұғалімдері және мектепке дейінгі білім беретін тәрбиешілер
- Күтім көрсететін орташа медициналық персонал
- Жаратылыстану ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері
- Басқа біліктілігі жоқ жұмысшылар
- Аралас өнім өндіретін фермерлер мен жұмысшылар
- Штаттағы заңгерлер

• ТАҒЫМ

Тағылымы биік тұлға

Біздің орта – Ақтоғай төңірегінде алғаш рет кітаптары баспа бетін көрген тұңғыш жазушымыз Әбдіраш Көпбаев ағаны еске алу мақсатында төмендегі деректер хатқа түсті. Мен 1962 жылы Алматы қаласына жоғарғы оқу орнына түспекші болып барған жолы үйінде бір ай жатып, ағаның ішкі-сыртқы әлемімен танысқандай болдым. Сол жылғы тамыз айында келіншегі Роза жеңеміз екі баланы алып, Шымкенттегі төркін жұртына демалуға кеткен екен. Келіншегі үйінде болмаса да, ол мені жатысып бауыр тұтып, бар ықыласымен қарсы алған еді. Үйі Никольск шіркеуінің солтүстік-батыс жағында Қосманов көшесі №61 үйі болатын. Түскі асты сол жердегі асханалардан ішетінбіз. Сол жолы мені Қараменде бабамыздың әлеміне енгізіп, Нарманбет жайлы мол мағлұматтар берген. Кейіннен нарманбеттанушы атануыма ізі салған бастамашы болған еді. Осы жазбада келтірілген айғақтардың көбі Әбдіраш ағаның өз аузымен айтылған деректер. Қысқаша өмір жолы төменде.


Ол 1928 жылы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Қараменде бидің алтыншы ұрпағы. «Ақ әже» атанған Аққыз – Мүгілсімнің Көпбайдан туған екінші баласы. Атасы Серік дәулетті болған. Осы ортаның атакты байы, дәулеті шашылып жатқан Құбылтайынның Ахмет баймен құда болуы да «Екі бай құда болса – араларына жорға қатысады» дейтін емеурінінің шындығына орай мың жылдық құда атанған...

Ол қиыншылық жылдары (1928, 1932, 1937 және 1941-1945 жылдар) ел басына түскен ауыртпалықтардың нағашы жұрты мен өз ағайындарына әкелген лаңын күйіне отырып баяндайтын. Сондай-ақ, студенттік кезіндегі жоқшылық, ташпылықтарды да жиі еске алатын.

Аға алғашқы жылдары сірә, соғыс жылдары өз ауылы «Чапаевта» есепші міндетін атқарған. Соғыс аяқталған соң Алматыдағы Коммунистік журналистика институтын (кейіннен ҚазМУ-дың филология факультеті, журналистика бөлімін) ерекше дипломмен аяқтап «Қазақстан» баспасына жауапты редакторлық қызметке тағайындалады. Студенттік шағынан жазу өнеріне бейімделе бастайды. Шығармашылық жолына бет бұруына тікелей ықпал жасаған университетте өздеріне дәріс оқыған ұстазы Мұхтар Әуезов болғанын айтып, Ұлы жазушының жария етіле қоймаған өмірлік деректерінен де детальдар келтіретін. Білігі оны өздеріне дәріс оқыған Мұхтар Әуезовтің ілтипаттына іліктіреді. Сенімді шәкірті ретінде Мұхтар Әбдірашты бір-екі рет Мәскеу сапарына көмекші ретінде ерте барытты. «Қазақстан» баспасында жауапты редактор болған жылдары көптен шет ел, орыс жазушыларының шығармаларын аударып жария етеді. Солардың есімде қалғаны жанылмасам, ГАДАМОВТЫҢ «Екі мұхиттың сыры» романы. Мұның сыртында көпшілікке арналған саяси-бұқаралық тақырыптарды сөз ететін шағын дүниелер мен повесттерді ақын Гафу Қайырбеков және тағы басқа жазушы ақындармен бірлесіп аударып жария етеді.

Қаламы төселген соң өз ауылының 1930-1940 жылдардағы тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін нақты деректерге құрылған «Шалдуар», «Күзгі гүл», «Мақтаншы», «Жомарт жаз» атты елемді әңгімелері және Ұлы Отан соғысы Батырлары ерлік өмірбаяны жайлы патриоттық тақырыптарға арналған бірнеше шағын жинақтар шығарады. Соның бірі – 1966 жылы «Жазушы» баспасынан «Ұлы Отан соғысының Батырлары» сериясымен шыққан Кеңестер Одағының батыры Ізгүлтай Айтықовтың ерлік өміріне арналған туындысы. Әбдіраш ағамыздың жоғарыдағы «Шалдуар» повесі екі-үш жыл бұрын көз жұмған қазақтың классик жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің алғашқы шығармаларымен қатар аталып, сол кездегі сыншылар мен әдебиет ақсақалдарының назарына іліне бастаған еді. Бұдан кейінгі өмір жолында кезіккен бөзгесін ағаның шығармашылық жолына келдергі келтірді. Әбдіраштың жоғарыда аты аталған еңбектерін 2011-2015 жылдары Алматыға барған сапарымда А.Пушкин атындағы кітапхана қорынан алып, Ақтоғайдағы кітапханаға өткіздім. Оқисам деген азаматтар болса, осы кітапханадан алуына болады.

1956 жыл «Қазақ әдебиеті» газетінің (25.11.1956 жыл) 49 санында жарияланған «Нарманбет ақын» атты зерттеу мақаласы өзіне сор болып жабысады. Оның әдеби, мәдени, рухани өміріне тосқауыл түсіріп, қол-аяғын матап тастайды. Тотитарлық жүйенің қыспағына іліккен Нарманбетті жоқтаймын деп, өзі де осы бұғаудың қармағына ілініп, КГБ-ның бақылауына түседі. Баспадағы жауапты редакторлық жұмысынан шығарылады. Өле-өлгенше Нарманбет шығармаларын шығаруды армандаған аялуы жанның соңғы 12 жылғы өмірі күйінішпен өтті. Бір-екі жылдай Жазушылар одағында кеңесші



міндетін атқарады. 1958-1987 жылдар аралығында кезінде өзі сияқты идеология қырына іліккен атақты жазушы Ілияс Есенберлинмен бірге (аға Ілиястың Күләшқа арнаған поэмасы мен «Адамгершілік туралы жыр» деген кітабы барын айтқан болатын) «Қазақфильм» киностудиясында аға редактор болып жүріп, небәрі 40 жыл жұмыр кешіп, Алматыда көз жұмды. Тіршілігінде тағылған жоғарыдағы айыптар ол дүниеден өтсе де кешірілмеді. Қыспақтың күштілігі соншалық мұрдеңін елге әкеп жерлеуге рұқсат етілмеді.

Көзінің ағы мен қарасындай болған қос құлыны Қасымы 12-де, Рүстемі 10 жасында әкеден айырылды.

Бұл жайлы нақты дерек Зияда Аманбайұлы ағамыздың 2001 жылы Балқаш қалалық баспахана-сынан шыққан «Әулет аралық естелік» деп аталатын еңбегінің 29-30 беттерінде былайша берілгені: 1968 жылдың қараша айы болса керек. Алматы қаласында көптен қалған бір жалғыз, жақсының арты, асылдың сынығы Әбдіраш дүниеден өтті. Ойдағы-қырдағы ағайын жиналып қалдық. Әбекең (Әбдіғали) бастаған Балқаштағы туыстар бізден бұрын келген екен. Біз Ақтоғайдан Жомарттың Адамбайы, Ақжолтайдың Ақмағанбеті, Құсайынның Қалтайы, сол кезде Шет аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Мұқанның Ыбрайханы болып, Қарағандыдан ұштық. Аққыз (Мүгілсім) қайғыға қанша бүгіліп, іші-бауыры езіліп отырса да, жаратылысындағы тектілік пен парасаттылыққа сайып, мауқын басқаннан кейін аз уақыт үнсіздіктен соң ауыр деммен бір күрсініп алып, құлаққа жылы қоңыр үнмен:

– Балалар, бәріңе ортақ бауырларың иманды болсын! Артының Алла қайырын берсін! – деп Әбдіғалиге ой тастай қарады. Аққызды түсіне қойған Әбекең де реу:

– Жігіттер, ойланатын ештеңе жоқ, Әбдіраштың сүйегін Алматыда қалдырмаймыз, елге алып жүрміз. Туған топырағына жерлейміз! – деп бұйыра, кесіп айтты. Керек десе, жол шығыны, қаражатын да өзі көтеретінін ескертіп өтті. Ешкім Әбекеңнің тұжырымына қарсы болған жоқ. Жазушылар одағынан азаға қатысып жүрген Қалмұқан Исабаев, Бердібек Соқпақбаев тағы басқа бірқатар қаламдас достары да қарсы болмады-ау деймін. Әбекең ұсынысы бекіп, жол көлігі ұйымдастырылып жатты.

Барған күннің ертеңіне бұрыннан Алматыда тұратын Аққыз шешеміздің туған ағасы, Құбылтайдың Ахметінің Өмірбегі елден келген барлық ағайындары үйіне шақырды. Ортамызда Жоғарғы партия мектебінде оқып жатқан біздің Бұғыбай басшымыз Ғалым да бар.

Өмекең ақсақал барлықты да

байлықты да бастан кешкен, әкесін тәркілеген, 1928 жылдан бастап қуғындаудың құрығына да іліккен. Өмірді терең түсінген ойы шалқар, ескіше әрі жанаша көзқарастағы көңіл бұлақ жан екен.

Өмекең ақсақал киелі дастархан басында тосыннан бір әңгіменің шетін шығарды.

– Жігіттер, сендер ағайындықтың өнегесін көрсетіп, Бабаң ауылының азаматы екендеріңді байқатып, кейінгі ұрпаққа үлгі болатындай іс бастап отырсыңдар. Бәрімізге де ой салатын, тәлімі бар бастау. Бірақ, мен кешеден бері көп ойланым, шешіп сендерге ештеңе дей алмадым. Себебі, Әбдіраш жазушы, жазушы болғанда қаны бар, намысы жоғары еді. Қаламының ұшында, сөзінің әуенінде, ойының түкпірінде Толбықты исі аңқып тұратын. Студент күнінен Мұхтаршыл болды.

Қарекен бабасы мен Нарманбетті іздеп, шарқ ұрғанын біздер жақсы білеміз. Сол үшін де Әбдіраш жоғарылардың қатаң бақылауына алынған. Сол бақылау, сол құрықтан марқұм құтылмаған қалпы, мойнында «Ұлтшылдықтың» бұғалығымен көз жұмды. Мен кешеден жоғарғы жақты жағалап жүрген әркімдермен сөйлесіп білдім, ақылдастым да. Түйін, тиісті орыннан рұқсат алу керек екен, – деп ойын қысқа қорытты. Өмекең прадаар. Келесі күні Әбдіғали мен Өмекең екеуі тиісті орындарға жолығып келіп, Әбдірашқа топырақ Алматының Кеңсайынан бұйырып тұрғанын айтып, марқұмды соңғы сапарға шығарып салу қамына кірістік... Тағыда бірде Зияда: «...Әбдіраштың еш жерде жарық көрмеген ел тағдырына арналған трагедиялық көріністі баян ететін «жылы сөз» бар», – деп барып, бір-екі шумағын сабақтай жөнелгені есіме түсіп отыр.

Әбдіраштың нағашысы осы Өмірбек жайлы жазушы Сапарғали Бегалиннің: «...Ахметтің Өмірбегі мен Мықан баласы Смақан ақсақалдар Алматыда зор бедел иеленген жандар. Тіпті, есімдерін тура атамай Өмекең, Семекең деп атайтын. Екеуі де жаңа ортаға ел тарихын өте терең білетін зерделілігімен танылды ғой. Мұхтар (Әуезов), Әлекендер (Марғұлан) тағы басқалармен тығыз араласып, сыйластықта болатын» деген әңгімесін 1971 жылы естіп едім.

Әбдіраштың үлкені Қасым 1955 жылы Қасым Аманжолов қайтыс болған соң туғандықтан соның құрметіне нәрестесінің атын осылай қойыпты. Ал, екінші ұлы Рүстем, оның атын да Фердаусидің «Шахнамасының» кейіпкері Рүстемнің есіммен атаған екен. Өзі бұл жайлы: «Жақсыларға еліктеп өссін деген үмітпен екі баламның атын да осылай қойдым», – дейтін.

Жақсы аға қолы босаған демалыс күндері мені ертіп алып, Алматының сәулетті жерлерін, «Қазақфильм» студиясын, Орталық зиратты (Центральная кладби-

ше) аралататын. Зираттың оңтүстік-шығыс жағындағы Иса Байзақов пен Қасым Аманжоловтың және кіреберістегі Мұхтар мен Күләштің басына дұға қайыратын. Қасымның қабірі басына қойылған құлпытастағы :

«Ризамын туғаным адам болып, Өкінбен қаламын деп бір күн солып. Адамзат сапарының мейманымыз Бір мезгіл жер бетіне кетер соғып... Өкінбен мен де бір күн өлемін деп. Өкінем ұқсата алмай келімін деп. Күніне жүз ойлану толғанамын, Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп», – деген шұмақты қайта-қайта оқып, ауыр күнушіп еді.

Туасы Көпбайдың інісі Нұрланнан туған Токтардікіне еріп барып таныстырған еді. Токтардың ата-анасы ауыр жылдары Қырғызстанның астанасы Фрунзені (Бішкек) паналағанын жыр қылып айтағын. Токтардың отбасымен таныстығым туыстай болып кетті. Осы қатынас оқуым аяқталғанша үзілмеді. Өйткені, жетеміз Алматы әуежайында жасир болып істеді. Қарағандыға қайтар мезгілде тоқтаусыз ұшуыма көп көмегі тиді. Ағаның бауырмалдығының бірі – сол жылдарда Алматыда оқыған туыстары Қоянбайдың Қайырын, Маймыштың Аманкелдісіні, өзіне інісі Тілеужанды (Аққыздың екінші ері Иген баласы) үнемі іздестіре тосып, кешігіп келгендеріне кейіс білдіретін. «Бәріміз сыртта жүрміз, жиі қатынасып аман-саулығымызды біліп тұрмасақ арамыз суып кетеді ғой», – деп оларға үнемі ескерту жасайтын.

Ағаның үйінде жатқанымда КГБ қызметкерлерінің Қазақстан Орталық Партия Комитеті мен Жоғарғы Кеңестің Сессиясында жасалатын баяндамаларын күні бұрын Әбдіраш ағаға аудартып алушы еді. Өйткені, орысша жазылған баяндаманы оқи отырып, қазақшаға аударып, ауызша айтып отырамын. Олар жазып үлгерді. Күзетші есебінде 2 кеңіст ере келді. Бірі ішке кіріп, екіншісі сыртта қалып, үйге ешкімді кіргізбейді», – деп айтатын.

Мен 1971 жылы Нарманбетке арналған дипломдық жұмыстың тақырыбын алған кезімде Әбекеңнің жары жетеміз Розадан ағамыздан қалған жазба деректерді сұрағанымда:

– Бар қолжазбасын әріптесі Амантай Байтанаев сұрап алып кеткен, – деген жауап алдым. Кейіннен Алматыға барып-келіп жүргенімде А.Байтанаевпен жолығу мүмкін болмады.

Шығармашылық жолы енді-енді бастау алып келе жатқан кезінде қыспаққа түскен жерлесімздің беймәлім мұралары табылып, халқының рухани қажетін өтеуге ілігер ме екен деген үміттің баршамамыздың көкірек көзімізден үзілмейтін де шындық. Амантай Байтанаев қолындағы жәдігерлікті мұмкін архивке тапсырған болар. Сонына түсу, іздестіруді кейінгі жас буын жалғастыра алса екен деген ескірімес тілек бар.

Әбдіраш ағаны еске алғанда оның туған апасы Нәсжанның ұлы Болат Төкішевті атамай кету үлкен күнә болып саналар еді. Болат нағашы жұрты Ақсақ пен Шаха әулетіне Қарағандыда ас берді. Әже-сі Аққыздың мерейлі тойларын өзі бас болып, ұйымдастырып өткізді. 2007 жылы 21 шілдесінде Ақ әжеге арналған күй сайысына Ақселеу төрағалық етіп, абыроймен аяқтады. Астана, Алматы, Қарағанды тағы басқа да жерлерден қонақтар келді. Болат жас болса да тектілігін танытты. Өзі Аққыз әжесінің күйшілік өнері дарыған майталман күйші...

«Ақ әженің» 110 жылдығына орай Ақтоғайда өткен осы күй сайысының салтанатынан соң Тоқырауын өзенінің оң қабағында Жайдақ қыстағы маңындағы көкөрай шалғын жерге 10-15 киіз үй тігіліп, үлкен асты да Болат ініміз ұйымдастырған еді.

Әбдіраш ағаның ерекше телбіреніспен, өкінішпен айтқаны Мұхтар Әуезов қайтыс болғандағы қаралы да қайғылы жай еді. Москвадан әкелген самолеттің тарапынан бастап сүйегін жер қойнына бергенше Ілияс Есенберлин екеуі «Қазақфильм» студиясының директорынан көп лентта сұрап алып фильмге түсірті. Оны өзі былайша жеткізді: «Екі күн, екі түн Мұхтар үйінде болдық. Жөнді ұйқы да болмады. Қайғырған халықтың көптігі үйді айнала қоршап алды деуге болады. Мемлекеттің тарапынан жасалған қамқорлық, ықылас-пейіл ерекше болды. Әсіресе Мұхтар үйінің алдына тігілген киіз үйге түн ішінде Алатаудың арғы бетіндегі айыр қалпақты қырғыз туыстарымыздан да делегация келді. Олар жай ғана тоқтау-көңіл айтумен шектелген жоқ. Ақындары кезек кезегімен жоқтау айтып, өлеңмен Мұхаттың өмір жолдарын жырға қосты. Түнгі күзеттегі естіген топтың сай сүйегін сырқыратқан зарлы үн күңіретіп кетті. Сол күні Мұхаттың алғашқы қосылған жары да келіп, екі бүйірін таянып дауыс айтты.

Абайдың дүниеден қайтқанын естіген Нарманбет: «Заңғар тау оңайлықпен құламайды, Құласа жер жүзіге ұлы қайғы. Абайдың құлап түскен дүңкілінен,

Құлағым әлі күнге шуылдайды», – деп, елімізге орны толмас қайғы әкелгенін айқындайды. Мұхтар Әуезовтің өлімі де Абай сияқты ұлтымызға ұлттық қайғыға ұласқанын паш етті. Мұхаттың әдеби-тарихи туындыларымен танысқан көптеген елдердің әдебиетті сүйетін азаматтары да шара-сыз күй кешті. Бұл ұлы жазушыға берілген зор баға.

Әбдіраш аға: «Осы екі күнгі фильмнің лентасын студияға өткізгенбіз» – деген еді. Құн жеткіз осы жәдігер қазіргі кезде бар ма, жоқ па, белгісіз. Бірақ, осыны іздеуді өзіммен жас мөлшері шама-лаз ғалымдардың біразының есіне салған едім. Бәрі «жарайды, сұрастырайық», деген болатын. Олардікі бос уәдеден аспады. Сол фильм лентасы табылса, Мұхат жайлы халық құрметінің куәгері болғандардың көзі жоқ болғанымен, артындағы жас ұрпақтар танысар еді, табысар еді. Жәдігерліктің халық тарихын айқындаудағы рөлінің маңызын түсінген болар еді. Өткенді қадірлеу – өзіңді, заманыңды, Отаныңды қадірлеу ұлттық тәрбиеден басталмақшы ғой...

Аманкелді ТУҒАНБАЙ, нарманбеттанушы

Сурет автордан

• БАЙҚАУ

Ділмар шешендердің сөз сайысы

Кеншілер қаласында облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен «Даналар сөзі – ақылдың көзі» облыстық шешендік өнер байқауы өтті. Тарихтың әр бетін парақтап, шешен, би, жырау аңыздарына ой толғап, сыр шерткен тәрбиелік мәні зор шара жоғары деңгейде өрбіді.



Шешендік сөз – ғасырдан-ғасырға жалғасып, өмір иіріммен ұштасып жатқан, қара қылды қақ жарған әділдік пен шындықтың жарқын бейнесі. Түйткілді дауды екі ауыз сөзбен шеше білген билердің тапқырлығы мен алғырлығы аңызға айналып, ел аузында сақталып келеді. Қазақтың төл өнері, шешендік өнер жайлы сөз қозғағанда, ұлы жүздің Майқы биінен бастап, Жиренше, Асанқайғы, Шалқияз, Төле, Өйтеке, Қазыбек, Бұқар, Сырым, Досбол, Бала билер бастаған шешендердің ұлы көші еске түседі.

Айтулы шара шешендік өнер иелерін ұлықтап, олардың әр шығармасын келешек ұрпаққа дәріптеуге тікелей бағытталған. Байқауға Қарағанды, Абай, Шет, Нұра ауданы және Саран, Шахтинск қаласынан келген үміткерлер қатысып, өзара бақ сынасты. Өр өнерпаз шешендік өнердің табиғатын ашып, әр сөздің мәнін жеткізуге тырысты.

Сөз сайысы «Ойтамбыз», «Ділмар», «Көкпар» сынды үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде, ұяшық таңдау арқылы шешен, би нақыл сөздерінің мағынасын ашумен басталса, әрі қарай, жыраулардың шығармасын баяндауға ұласты. Әр шараға қатысушылардың сөйлеген сөзі мен тапқырлық танытып жауап беруге баса мән берілді.

– Қазақта «Айтпаса – сөздің атасы өледі, бермесе – қарияның батасы өледі», «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың», – деп жиі айтылады. Мұның барлығы шешендік өнерді дамытуға ұлт ретінде атсалысып, жастардың өз ойын толық әрі айқын айтуға, бағая қазақи мақамды бұзбай сөйлеуге жетелейді. Жалпы, қазақ өз ойын қалай жеткізген, тіл байлығының қандай деңгейде болғанын жастардың ой санасына сіңіру, оларды жүйелі сөйлеуге тәрбиелеуге жол ашқан шара дер едім. Сөз бәйгесінде жастардың шешен сөйлеуге деген ынтасы, өз сөзді жігерленіп айтуы ерекше көзге түсті. Сондықтан, тағылымға толы шара өз жалғасын табатынына сенімдімін, – дейді Мұхаммедғали Ілиясұлы.

Байқаудың басы-қасында жүрген облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бас маманы Айтул Оралбайқызы да сайыс жөнінде айтты.

– Шарамыздың мақсаты – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл мәдениетін арттыру, шешендік сөз өнерін насихаттауды негізге ала отырып, қазақ даналығының өнерін биік бағалау, – дейді Айгүл Бөгенбаева.

Дүбірлі додада үшінші орынды Саран қаласының жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің студенті Аяна Қадірбаева және Қарағанды қаласының М.Әуезов атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханашысы Фариза Кебекбаева, екінші орынды Шахтинск қаласының «Бастау» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы Меруерт Кәрібаева, бірінші орынды Е.Бокетов атындағы ҚарУ-дің филология факультетінің III курс студенті Ерсұлтан Нұртай қанжығаласа, бас жүлдені Шет аудандық орталық кітапхананың қызметкері Азамат Нұрахметов иеленді.

Кеш соңында жеңіске жеткен жеңімпаздарға ақшалай сыйлық пен арнайы диплом тарту етілді.

Аружан СЕРІКБАЙ

• КӨКПАР

Жас бөрілердің жарысы

Өткен демалыс күндері Қарағанды қаласында көкпардан жасөспірімдер арасында облыстық чемпионат өтті. Бір жағынан республикалық чемпионатқа іріктеу есебінде өткізілген сайысқа Қарағанды қаласының, Ақтоғай, Нұра, Бұқар жырау, Шет және Қарқаралы аудандарының командалары қатысты. Тартысты өткен доданың қорытындысы бойынша бірінші орынды Қарқаралы ауданының командасы жеңіп алды. Екінші орын Ақтоғай ауданының еншісіне тиге, Нұра ауданы жүлделі үшінші орынға ие болды.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралының аймақ көлемінде қарсылас шақ келтірмеген жас көкпаршылары енді осы қыркүйек айының соңында Шымкент қаласында өтетін көкпардан Қазақстан чемпионатында Қарағанды облысының намысын қорғайды. Ұлттық спорттың білгірі Сүйіндік Серік баптайтын командада 2007-2009 жылдары дүниеге келген Олжас Ырзықбай, Әлиман Қалиақбаров, Ералы Талғат, Нұрислам

Әнуарбек, Хасанали Таубай, Жарас Рахымбай, Салауат Сейсенбай, Бексұлтан Дүйсенхан, Нұралы Талғат, Әділ Ерболұлы, Ералы Токен, Нартай Ноғаев сынды өрендер өнер көрсетіп жүр.

– Қарқаралы ауданының жасөспірімдер командасы былтыр Қостанайда өткен Қазақстан чемпионатында да Қарағанды облысының намысын қорғап, екінші орыннан көрінген болатын, – дейді бапкер Сүйіндік Әбдрахманұлы. – Биыл Шымкенттегі көкпарда одан да жақсы ойнауға



тырысып, барымызды саламыз. Команда мүшелерінің қай-қайсысы да ат құлағында ойнаған, физикалық даярлығы мығым бозбалалар. Ойыншылардың мініп жүрген аттары да көкпарға әбден машықтанған, бабы келіскен аргымақтар. Сондықтан, намысты қолдан бермейміз!

Қарқаралы ауданында ұлттық спорт түрлерін дамытуға қолдау жасалады. Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі спортшылардың жаттығуы мен жол шығындарын өз мойнына алған. Бөлек жасақталған ересектер мен жастардың көкпар командалары бар. Жасөспірімдер сайысынан қазірдің өзінде олжалы оралып жүрген жас спортшылар жас ерекшелігіне қарай біртіндеп жоғары командаларға ауысып отырады.

ған облыстық чемпионат Қарағандының «Күнгей» шағын ауданы мен Үштөбе ауылының арасындағы осыдан үш жарым жыл бұрын атшабарға (ипподром) деп арнайы бөлінген жерде өтті. Атшабар салынады деп белгіленген 50 гектар жер әлі күнге болашақ құрылыс алаңы болып, төрт казығы қалқайған күйі жатыр... Қонторғай жағдайына томсармай республикалық бәйгелердің басынан көрініп жүрген ұлттық спортшымыздың бапкерлері мен шәкірттеріне рахмет, аттың айнаулына келетін кез келген жерде жаттығып-ақ аудан мен облыстың қоржынына жүлде салып жүр. Қарқаралының жас көкпаршыларына енді Шымкентте өтетін сайыста сәттілік серік болсын дейміз.

Қарқаралы ауданы
Сурет автордан

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

Қарағанды қ. қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Хабарландыру

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ү.ж. 16 қазанда «Тіл – қазына» әлеуметтік жобасы аясында Қарағанды облысы аумағында «Үлгілі отбасы» облыстық байқауын өткізеді.

Мақсаты: отбасылық құндылықтарды дәрiптeу, ұлттық тәрбиенi жаңғырту, өткен күн мен бүгiнгi күндi ұштастыра отырып, асыл мұрамыз болып сақталған ұлт қазынасын ұлықтау, бала тәрбиесiндегi ата-ананың, немере тәрбиесiндегi ата мен әженiң рөлiн көрсету арқылы ұлттың тарихи құндылықтарын ұстанып қоғамға үлгi болатын отбасыларды насихаттау.

Байқауға өңiрлерде өткен «Үлгiлi отбасы» байқауының жеңiмпаздары мен Қарағанды облысы аумағында тұратын толық отбасынан (кемiнде 5 адам: атасы мен әжесi, әкесi мен анасы, 1 баласы) құралған командалар өзiн-өзi ұсыну жолымен, сондай-ақ жергiлiктi атқарушы органдардың ұсынуы бойынша қатысады.

Байқауға қатысушы отбасылардың өнерiн бағалау және жеңiмпаздарды анықтау үшін тiл мен әдебиет, мәдениет, тарих салаларының бiлiктi мамандарынан, ғалымдардан, зиялы қауым өкiлдерiнен кемiнде 5 адамнан тұратын қазылар алқасы құрылады.

Байқаудың iрiктеу кезенi ү.ж. 10 қазанға дейiн жүргiзiледi. Қазылар

алқасының шешiмi бойынша iрiктеу кезеңiнен өткен 7 отбасылық команда қорытынды кезеңге жiберiледi.

Байқаудың қорытынды кезенi 3 бөлiмнен тұрады:

I бөлiм: «Таныстыру» – әр отбасы қазақтың салт-дәстүрi мен ұлттық құндылықтарын насихаттай отырып, өз отбасын таныстырады.

II бөлiм: «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» – әр отбасы мүшесi өз өнерлерiн, бiлiмдерiн көрсетедi.

III бөлiм: Марапаттау сөтi.

Байқау жеңiмпаздары ұйымдастыру комитетi бекiткен жүлде қоры мөлшерiнде арнайы дипломмен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады (салығымен қоса):

Бас жүлде – 1 000 000 теңге (бiреу);
I орын – 700 000 теңге (бiреу);
II орын – 500 000 теңге (бiреу);
III орын – 300 000 теңге (бiреу);

Ынталандыру сыйлығы – 100 000 теңге (үшеу).

Байқауды өткiзу туралы Ереженiң толық мәтiнiмен Қарағанды облысының тiлдердi дамыту жөнiндегi басқармасының сайтында танысуға болады.

Байланыс телефондары: 8708 7049975, 87019530937 (WhatsApp)

• БАЙҚАУ

Саябақтар байқауы мәресіне жетті

Теміртау қаласының «Восток» саябағындағы қысқы бақта облыстық қалалық және аудандық саябақтары арасында жарияланған байқаудың қорытындысы шығарылып, жеңімпаздары марапаттау рәсімі болды.

Бұл байқауды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы екі ата-алым бойынша ұйымдастырып, өткізген еді. Оның мақсаты – мәдениет және саябақ қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру, олардың жұмыстарына жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, озық тәжірибелерін тарату.

Байқауға қатысқан барлық саябақ өкілдері өз аймақтарындағы жұмыстары туралы слайдтар арқылы әңгімелегеннен кейін облыстық халық шығармашылығы мен демалысын ұйымдастыру орталығының бөлім басшысы Жанар Жүнісова байқау жеңімпаздарына дипломдар мен ақша сертификаттарын тапсырды.

«Үздік аудандық мәдениет және демалыс саябағы» ата-алымның бірінші орынды осалқаровтықтар иеленсе, қалған екінші және үшінші орындарды абайлықтар мен ақтоғайлықтар бөлісті.

Ал, «Үздік қалалық мәдениет және демалыс саябағы» аталымының бірінші орны теміртаулықтарға бұйырса, қалған екі орын Қарағанды қаласының мәдениет және демалыс саябағы мен зоологиялық бағына тиді.

Марапаттау рәсiмiнде темiртаулық балғын бiшiлер өнер көрсетiп, жас өнерпаз Ақгүл Райым ән шырқады.

ТЕМІРТАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! / ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН!!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «8» қазан 2024 жылғы кепіл мүлкін ағылшын әдісімен сату бойынша сауда-саттық өткізеді / АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «08» октября 2024 года по английскому методу

№ т/н п/п	Объектінің атауы / Наименование объекта	Орналасқан орны / Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы / Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна / Гарантийный взнос
1.	Автомобили на первичном рынке/ Бастапқы нарықтағы автомобильдер	Қарағандық облыс, Қарағанды, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416. /Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 корпус, 416 каб.	Автомобиль модель, марка HYUNDAI ACCENT, регистрационный № 994ACR09, VIN-шасси МХНК241СВМК000436, года выпуска 2021, объем двигателя 1591, цвет Сұр / Gray.	6 241 000 (шесть миллионов двести сорок одна тысяча) тенге/ (алты миллион екі жүз қырық бір мың) тенге.	5% Сумма 312 050 (триста двенадцать тысяч пятьдесят) тенге / (үш жүз он екі мың елу) тенге, Шаг повышения 2% сумма 124 820 (сто двадцать четыре тысячи восемьсот двадцать) тенге/ (жүз жиырма төрт мың сегіз жүз жиырма) тенге.
2.	Автомобили на первичном рынке/ Бастапқы нарықтағы автомобильдер	Қарағандық облыс, Қарағанды, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416. /Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 корпус, 416 каб.	Автомобиль модель, марка VOLKSWAGEN JETTA, регистрационный № 464AGU17, VIN-шасси XW8ZZZ16ZEN908916, года выпуска 2014, объем двигателя 1598, цвет Кара / Black.	3 717 000 (три миллиона семьсот семьдесят тысяч) тенге/ (үш миллион жеті жүз он жеті мың) тенге.	5% Сумма 185 850 (сто восемьдесят пять тысяч восемьсот пятьдесят) тенге/ (жүз сексен бес мың сегіз жүз елу) тенге, Шаг повышения 2% сумма 74 340 (семьдесят четыре тысячи триста сорок) тенге / (жетпіс төрт мың үш жүз қырық) тенге.
3.	Автомобили на первичном рынке/ Бастапқы нарықтағы автомобильдер	Қарағандық облыс, Қарағанды, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416. /Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 корпус, 416 каб.	Автомобиль модель, марка CHEVROLET SOBALT, регистрационный № 802AMQ09, VIN-шасси МХ11А69V9PK003348, года выпуска 2022, объем двигателя 1485, цвет Сұр / Gray.	4 591 000 (четыре миллиона пятьсот девяносто одна тысяча) тенге/ (төрт миллион бес жүз тоқсан бір мың) тенге.	5% Сумма 229 550 (двести двадцать девять тысяч пятьсот пятьдесят) тенге/ (екі жүз жиырма тоғыз мың бес жүз елу) тенге, Шаг повышения 2% сумма 91 820 (девяносто одна тысяча восемьсот двадцать) тенге / (тоқсан бір мың сегіз жүз жиырма) тенге.
4.	Автомобили на первичном рынке/ Бастапқы нарықтағы автомобильдер	Қарағандық облыс, Қарағанды, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416. /Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 корпус, 416 каб.	Автомобиль модель, марка JAC J7, регистрационный № 061AGF09, VIN-шасси МХ11J7AGGXP033633, года выпуска 2022, объем двигателя 1499, цвет Сұр / Gray.	6 160 000 (шесть миллионов сто шестьдесят тысяч) тенге/ (алты миллион бір жүз алпыс мың) тенге.	5% Сумма 308 000 (триста восемь тысяч) тенге/ (үш жүз сегіз мың) тенге, Шаг повышения 2% сумма 123 200 (сто двадцать три тысячи двести) тенге / (жүз жиырма үш мың екі жүз) тенге.
5.	Автомобили на первичном рынке/ Бастапқы нарықтағы автомобильдер	Қарағандық облыс, Қарағанды, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416. /Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 корпус, 416 каб.	Автомобиль модель, марка CHEVROLET SOBALT, регистрационный № 073AEQ09, VIN-шасси МХ11А69V9NK092361, года выпуска 2022, объем двигателя 1485, цвет Кара / Black.	5 603 000 (пять миллионов шестьсот три тысячи) тенге/ (бес миллион алты жүз үш мың) тенге.	5% Сумма 280 150 (двести восемьдесят тысяч сто пятьдесят) тенге / (екі жүз сексен мың бір жүз елу) тенге, Шаг повышения 2% сумма 112 060 (сто двенадцать тысяч шестьдесят) тенге / (жүз он екі мың алпыс) тенге.
6.	Автомобили на первичном рынке/ Бастапқы нарықтағы автомобильдер	Қарағандық облыс, Қарағанды, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416. /Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 корпус, 416 каб.	Автомобиль модель, марка VOLKSWAGEN POLO, регистрационный № 506ANE09, VIN-шасси XW8ZZZ61ZLG022167, года выпуска 2019, объем двигателя 1598, цвет Ак / White.	4 487 000 (четыре миллиона четыреста восемьдесят семь тысяч) тенге/ (төрт миллион төрт жүз сексен жеті мың) тенге.	5% Сумма 224 350 (двести двадцать четыре тысячи триста пятьдесят) тенге/ (екі жүз жиырма төрт мың үш жүз елу) тенге, Шаг повышения 2% сумма 89 740 (восемьдесят девять тысяч семьсот сорок) тенге / (сексен тоғыз мың жеті жүз қырық) тенге.

Аукционға қатысуға өтінімдер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және аукцион басталғанға дейін бір күн бұрын Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 ғимарат, 416 кабинет, «Банк ЦентрКредит» АҚ мекенжайы бойынша аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен сауда-саттық өткізілгеннен кейінгі 5 (бес) банктік күн ішінде Қарағанды қаласындағы «Банк ЦентрКредит» АҚ филиалы, БСН 980640000093 ИИК KZ61856000000090657 БИК КСЖВКЗКХ деректемелер бойынша төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін орын: Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 ғимарат, 416 кабинет.

Сауда-саттық басталатын уақыт – 10 сағ. 00 минут.

Уәкілетті тұлға: Аршкенов Асланбек Талғатұлы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 ғимарат, 416 кабинет.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 87001452225 (тел 505 ішкі 76538) телефоны арқылы ала аласыз.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караганда, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан течении 5 (пяти) банковских дней после проведения торгов по реквизитам:

Филиал АО «Банк ЦентрКредит» в городе Караганда,
БИН 980640000093
ИИК KZ61856000000090657
БИК КСЖВКЗКХ

Место проведения торгов; Караганда, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416.

Начало торгов – 10 часов 00 минут.

Доверенное лицо: Аршкенов Асланбек Талғатович, г. Караганда, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 87001452225 (тел 505 вн 76538).

